

18 Сәуір
Сейсенбі,
2023 жыл

uil-gazet@mail.ru

Газет 1930
жылдың
қараша айынан
бастап шығады

«АУЫЛ АМАНАТЫ»

БАҚЫТБЕККЕ БАҚ БОЛДЫ

БАҚЫТБЕК ЕРТІЛЕУОВ – САРАЛЖЫННЫҢ ТУМАСЫ. БІРАЗ ЖЫЛ МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ МАҢҒЫСТАУДА ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТТЕ БОЛДЫ. БЫЛТЫР ОТБАСЫ ЖАҒДАЙЫМЕН ТУҒАН ЖЕРІНЕ ТАБАН ТІРЕДІ. БЕС БАЛАНЫҢ ӘКЕСІ АУЫЛҒА КЕЛЕ БАЛА-ШАҒАНЫҢ ЫРЫЗДЫҒЫ ҮШІН КӘСІПТІҢ КӨЗІН ІЗДЕДІ. ЖАСЫНАН АУЫЛДЫҢ ШАРУАСЫМЕН ШЫНЫҚҚАН ЖІГІТ ҮШІН МАЛ БАҒУ МЕХНАТЫ КӨП БОЛҒАНЫМЕН ҚЫР-СЫРЫ ТАНЫС КӘСІП. «АУЫЛДА ТҰРЫП МАЛ ҰСТАМАУ АЙЫП» - ДЕП ТҮСІНЕТІН ЖІГІТ ТУҒАН ЖЕРІНДЕ ДЕ ДАЙЫН ТҰРҒАН ЕШТЕҢЕ ЖОҚ ЕКЕНІН БІЛДІ.



Келіншегі Қызғалдақтың да екі қолы алдына сыймай, еңбектің көзін іздеп, ауыл әкіміне жолығады. Әкім болса, «2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамытуға арналған Ұлттық жобаға» қатысуды ұсынды. Жобаның жай-жапсарымен танысқан Қызғалдақ құжаттарын тапсырып, өзінің бизнес жоспарын қорғап, 1225 мың теңге өтеусіз грантка ие болды. Алдымен тігін машинасы мен жабдықтарын алып, ауылдастарына өнімін ұсынып, өтініштер қабылдай бастады.

Ал, Бақытбек үшін Ақтөбе облысының әкімі Ералы Тоғжановтың бастамасымен қолға алынған «Ауыл аманаты» жобасы «көктен іздегені жерден табылғандай» болды. Былтыр «Берік-А» шаруа қожалығынан 4 сиырды тауарлы несие беру шарттарымен алып, жобаға қатысты. Алтыншы баланың дүниеге келуін күтіп отырған Ертілеуовтер отбасы көп балалы санатына жататындықтан, жобаға қатыстыру кезінде басымдық берілді.

«Қыста алған төрт сиырымыздың

екеуі бұзаулады. Қалған екеуінің төлдегенін күтіп отырмыз. Шаруашылығымызды ұлғайтқымыз келеді, маған тағы 6 сиыр керек. Сонда біз сүтті қайта өңдеуді қолға аламыз, артығын сатамыз, отбасымызды асыраймыз», — деді Бақытбек облыс әкімімен кездесуде.

Жуырда Бақытбектің ауласына алты бас қашар «келді». Яғни, алты бас қашардың үшеуін «Айтан» шаруа қожалығының басшысы «Ораза айындағы көмегім болсын!» деп тегін берсе, үшеуін

«Мұрагер» шаруа қожалығынан тауарлы несие шарттарымен алды.

Бақытбектің ағасы Әділбек болса, ірі қара малын бордақылаумен, құс шаруашылығымен айналысады және жоба аясында өз ісін кеңейтуді де жоспарлап отыр. Кезінде шаруашылықтың салған екі пәтерлік үйдің ауласын ағайынды жігіттер мал мен құсқа толтырды.

Серікбай ҚОЙБАҒАРОВ,
Ойыл селосы

ОБЛЫСТЫҚ МОБИЛЬДІ ТОП ТҮСІНДІРМЕ ЖҰМЫСТАРЫН ЖҮРГІЗДІ

Өткен сейсенбі күні ҚР Еңбек және әлеуметтік қорғау комитетінің Ақтөбе облысы бойынша департаментінен және облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасынан «Жұмыспен қамту және әлеуметтік сақтан-дыру мәселелері» бойынша құрылған мобильдік топ ауданға іссапармен келді. Ш.Берсиев атындағы ауылдық округі және Қайыңды ауылының тұрғындарымен кездесті. Кездесу барысында жұмыспен қамту, әлеумет-

тік қамтамасыздандыру саласы бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Аталған жиында аудан тұрғындарына жаңадан қабылданған жобалар, өзгерістер әлеуметтік қолдаулар туралы кеңінен ақпарат беріліп, тұрғындардың көкейінде жүрген зейнет жасы, бала күтімі, сондай-ақ әлеуметтік төлемдер туралы сұрақтарға жауап берілді. Бос жұмыс орындары жәрмеңкесі өткізілді. Жиын соңында топ мүшелері азаматтарға жеке қабылдау жүргізді.

«ОҚУҒА ҚҰШТАР МЕКТЕП» ЖОБАСЫ АЯСЫНДА ОЙЫЛДА ОБЛЫСТЫҚ СЕМИНАР ӨТТІ



Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығының жоспары негізінде өткен жұма күні Ойыл ауданында «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында білім алушылардың орта мектебінің кітапханашысы Л.Баженова Ә.Ақтайдың «Ахметтің аманаты» көркем шығармасы желісінде сахналық қойылым ұсынып, Ш.Бекмұхамбетова мектеп гимназиясының кітапханашысы Г.Әскімбаева ата-аналармен оқырмандар керуенін, Көсембай негізгі мектебінің кітапханашысы Б.Сембаева Ы.Алтынсариннің «Баланың айналасы» шығармасынан қуыршақ театрының сахналық қойылымын, Ж.Жүсіпалиев атындағы орта мектебінің кітапханашысы Ж.Мұхамедьярова «Буктейлер» әлем әдебиеті» тақырыбындағы жұмысымен бөлісті.

Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ә.Сағынов пен тарих пәні мұғалімі, дебат клубының жетекшісі Ж.Бисенғалиев «Оқуға құштар мектептің өміршеңдігі» тақырыбында батл ұйымдастырып, қатысушылармен кері байланыс жасап, семинарды қорытындылады.

Ойыл қазақ орта мектебінің кітапханашысы Л.Баженова Ә.Ақтайдың «Ахметтің аманаты» көркем шығармасы желісінде сахналық қойылым ұсынып, Ш.Бекмұхамбетова мектеп гимназиясының кітапханашысы Г.Әскімбаева ата-аналармен оқырмандар керуенін, Көсембай негізгі мектебінің кітапханашысы Б.Сембаева Ы.Алтынсариннің «Баланың айналасы» шығармасынан қуыршақ театрының сахналық қойылымын, Ж.Жүсіпалиев атындағы орта мектебінің кітапханашысы Ж.Мұхамедьярова «Буктейлер» әлем әдебиеті» тақырыбындағы жұмысымен бөлісті.

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ ОЙЫЛ АУДАНЫДЫҚ МӘСЛИХАТЫ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ШЕШІМІ

13 сәуір 2023 жыл № 2 Ойыл селосы
Аудандық мәслихаттың кезектен тыс екінші сессиясын шақыру туралы
Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 10 бабының 2 тармағына және Ойыл ауданы әкімінің 2023 жылғы 11 сәуірдегі №01-04/335 ұсынысына сәйкес ШЕШІМ ЕТЕМІН:
Сегізінші шақырылған аудандық мәслихаттың кезектен тыс екінші сессиясы 2023 жылдың 21 сәуір күні сағат 15.00-ге аудан әкімдігінің мәжіліс залында шақырылсын.
Сессияның күн тәртібіне мына мәселе енгізілсін:
1. «2023-2025 жылдарға арналған Ойыл аудандық бюджетін бекіту туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы
Хабарламашы: Б.Әділханов - аудандық экономика және қаржы бөлімінің басшысы
2. Басқа да мәселелер
Аудандық мәслихаттың төрағасы: С.Ф.Займолдин

2023 ЖЫЛҒЫ 14 МАМЫРҒА ТАҒАЙЫНДАЛҒАН ОЙЫЛ АУДАНЫ ОЙЫЛ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ САЙЛАУЫНА БАЙЛАНЫСТЫ АУДАНЫДЫҚ «ОЙЫЛ» ГАЗЕТІНДЕ АУЫЛДЫҚ ОКРУГ ӘКІМДІГІНЕ КАНДИДАТТАРҒА ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ СЕНІМДІ ӘКІЛДЕРІНЕ БАСПАСӨЗ БЕТІНЕН ОРЫН БЕРУ ТӨЛЕМІНІҢ МӨЛШЕРІ, ШАРТТАРЫ МЕН ТӨРТІБІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

«Ойыл газеті» ЖШС Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңының 28-бабы 3-тармағына сәйкес 2023 жылғы 14 мамырға тағайындалған Ойыл ауданы Ойыл ауылдық округі әкімінің сайлауына қатысатын кандидаттарға баспасөз бетінен орын беру төлемінің мөлшері, шарттары мен тәртібі туралы төмендегілерді хабарлайды:

- Сайлауалды үгіт материалдарын орналастыру үшін газеттің ақ-қара түсті бетінің 1 шаршы см. құны — 200 теңге, түрлі-түсті бетте орналастыру — 250 теңге.
- Сайтта жариялау құны — басылымдарда орналастырылған сайлауалды үгіт материалдарының жалпы сомасының — 50 %-ы.
- Ауылдық округ әкімдігіне кандидаттардың немесе олардың сенімді өкілдерінің ұсынатын мәтіндік, фото және т.б. материалына өтініш-хатпен бірге өз қолымен (әрбетке) немесе сайлауалды үгіт құжаттарына қол қою құқығына кандидаттан сенім хаты бар тұлғаның қолы қойылады.
- Жоғарыда көрсетілген шарттар орындалмаған жағдайда материал газеттің таяудағы шығарылымында жарияланымнан алынып тасталады.
- Сайлауалды үгіт материалдарын бетке орналастыру (беру тәсілі) редакцияның қарауы бойынша жүргізіледі.
- Маке́т жасау мен баспа бетін ұсыну үшін 100 пайыздық алдын ала төлем жасалады.
- Сайлауалды үгітті орналастыру «САЙЛАУ-2023» белгісімен (бұл белгі жарнамаланатын материалдың аумағында орналасуы тиіс) қоса ұсынылады. Сайлауалды үгіт материалы оны қаржыландыру көзі туралы ақпаратпен бірге беріледі.
- Форс-мажорлық жағдайлар Қазақстан Республикасының жалпы белгіленген қолданыстағы заңдарымен анықталады.

P. S. Осы шарттарға Орталық сайлау комиссиясы түсіндірмелеріне сәйкес қосымшалар, өзгерістер енгізілуі мүмкін.
«Ойыл газеті» ЖШС

ПОЛОЖЕНИЕ О РАЗМЕРЕ ОПЛАТЫ, УСЛОВИЯХ И ПОРЯДКЕ ПРЕДОСТАВЛЕНИЯ ПЕЧАТНОЙ ПЛОЩАДИ ЗАРЕГИСТРИРОВАННЫМ КАНДИДАТАМ В АКИМЫ СЕЛЬСКОГО ОКРУГА НА ВЫБОРАХ АКИМА УИЛСКОГО СЕЛЬСКОГО ОКРУГА УИЛСКОГО РАЙОНА НАЗНАЧЕННЫХ НА 14 МАЯ 2023 ГОДА В УИЛСКОЙ РАЙОННОЙ ОБЩЕСТВЕННО - ПОЛИТИЧЕСКИЙ ГАЗЕТЕ «ОЙЫЛ»

В соответствии с пунктом 3 статьи 28 Конституционного Закона Республики Казахстан от 28.09.1995 года «О выборах в Республике Казахстан» ТОО «Ойыл газеті» информирует кандидатов в акимы Уилского сельского округа Уилского района, участвующих в выборах назначенных на 14 мая 2023 года о размере оплаты, условиях и порядке предоставления печатной площади в районный общественно – политический газете «Ойыл»

- Стоимость 1 кв.см черно-белой страницы газеты — 200 тенге, цветной страницы -250 тенге на размещение материалов предвыборной агитации.
- Стоимость размещения на сайте — 50% от стоимости материалов предвыборной агитации размещенных на страницах печатных СМИ
- Предоставляемый текстовый, фото и т.п. материал кандидата в акимы сельского округа подписывается им собственноручно каждая страница с сопроводительным письмом, либо лицом, имеющим доверенность от кандидата на право подписания документов предвыборной агитации.
- В случае невыполнения вышеуказанных условий, материал снимается с публикации в ближайшем выпуске газеты.
- Размещение (позиционирование) на полосе материалов предвыборной агитации производится по усмотрению ТОО «Ойыл газеті»
- Для предоставления страницы и изготовления макета производится 100 процентная предоплата.
- Размещение материалов предвыборной агитации производится под логотипом «САЙЛАУ-2023» (логотип размещается в районе агитационных материалов). Агитационные материалы предоставляется вместе с информацией об источниках финансирования.
- Форс-мажорные обстоятельства определяется действующими законодательствами Республики Казахстан.

P.S. В настоящие условия могут вноситься дополнения изменения, в соответствии с разъяснениями Центральной избирательной комиссии Республики Казахстан.
ТОО «Ойыл газеті»

АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ 2023 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН САЙЛАУШЫЛАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

№	Депутаттың Т.А.Ә., сайлау округінің нөмірі және байланыс нөмерлері	Қабылдау жүргізілетін елді мекендер мен көшелер	Қабылдау күні, уақыты	Қабылдау жүргізілетін мекен-жай
1	2	3	4	5
1	№ 1 сайлау округінің депутаты Нұрбаев Сәндібек Мұхамбетжанұлы Ұялы телефоны: 87024924116	Ойыл ауылының Б.Құрманғазин, Ш.Жарылғасұлы, Ш.Берсиев, Б.Жолмырзаев және А.Қойшығұлов көшелері Екпетал ауылы	28 сәуір, 25 мамыр, 22 маусым, 12 шілде, 25 тамыз, 28 қыркүйек, 24 қазан, 30 қараша, 25 желтоқсан күндері 27 сәуір,18 мамыр, 21 маусым, 20 шілде, 16 тамыз, 21 қыркүйек, 19 қазан, 22 қараша, 20 желтоқсан күндері	«AMANAT» партиясы аудандық филиалының ғимараты Екпетал мектеп-балабақшасы директорының қабылдау бөлмесі
2	№ 2 сайлау округінің депутаты Займолдин Сәкен Ғазизұлы Ұялы телефоны: 87026655574	Ойыл ауылының И.Құрманов, Қойшығұлов, А.Құнанбаев және Қ.Сағырбаев көшелері Қаракемер ауылы Ақшатау ауылы	21 сәуір, 18 мамыр, 24 маусым, 20 шілде, 24 тамыз, 21 қыркүйек, 18 қазан, 24 қараша, 28 желтоқсан 27 сәуір,18 мамыр, 21 маусым, 21 шілде, 16 тамыз, 21 қыркүйек, 19 қазан, 22 қараша, 20 желтоқсан күндері 27 сәуір,18 мамыр, 21 маусым, 21 шілде, 16 тамыз, 21 қыркүйек, 19 қазан, 22 қараша, 20 желтоқсан күндері	«AMANAT» партиясы аудандық филиалының ғимараты Қаракемер ауылдық клубы Ақшатау орта мектебі директорының қабылдау бөлмесі
3	№ 3 сайлау округінің депутаты Ізғарина Жангүл Бақытжанқызы Ұялы телефоны: 87079016858	Ойыл ауылының Ш.Жарылғасұлы, Б.Құрманғазин, Көкжар, И.Құрманов, С.Масатов, И.Қарақұлов, Н.Оноприенко, У.Дүсіпов, М.Төлебаев, О.Қлипанов көшелері	25 сәуір,23 мамыр, 21 маусым, 19 шілде, 16 тамыз, 20 қыркүйек, 19 қазан, 22 қараша, 20 желтоқсан күндері	«AMANAT» партиясы аудандық филиалының ғимараты
4	№ 4 сайлау округінің депутаты Ақеділов Өркен Қанатұлы Ұялы телефоны: 87022456891	Ойыл ауылының Ш.Жарылғасұлы, Көкжар, А.Құнанбаев, А.Иманов, Б.Бақаев, Н.Тапалова, Д.Медетбаев, Н.Байғанин, Ө.Молдағұлова, К.Ержанов көшелері	27 сәуір, 18 мамыр, 21 маусым, 18 шілде, 16 тамыз, 21 қыркүйек, 18 қазан, 20 қараша, 22 желтоқсан	«AMANAT» партиясы аудандық филиалының ғимараты
5	№ 5 сайлау округінің депутаты Жиеналин Еркін Жұмағазыұлы Ұялы телефоны: 87054942592	Ойыл ауылының И.Құрманов, С.Дәуленов, А.Екібаев, А.Иманов, Ы.Алтынсарин, Ш.Еркінов, Қ.Сәтпаев, Өль-Фараби, Асанқайғы жырау, Желтоқсан, Тәуелсіздік, Т.Қаңтарбаев, Х.Досмұхамедұлы көшелері	26 сәуір, 26 мамыр, 23 маусым, 11 шілде, 20 тамыз, 29 қыркүйек, 23 қазан, 28 қараша, 25 желтоқсан күндері	«AMANAT» партиясы аудандық филиалының ғимараты
6	№ 6 сайлау округінің депутаты Ешпанова Назгүл Қайроллақызы Ұялы телефоны: 87025134641	Қаратал ауылы Қарасу ауылы	25 сәуір, 18 мамыр, 21 маусым, 20 шілде, 16 тамыз, 21 қыркүйек, 18 қазан, 20 қараша, 22 желтоқсан күндері 25 сәуір, 18 мамыр, 21 маусым, 20 шілде, 16 тамыз, 21 қыркүйек, 18 қазан, 20 қараша, 22 желтоқсан күндері	Ш.Берсиев ауылдық округі әкімінің кабинеті Құрман бастауыш мектеп меңгерушісінің қабылдау бөлмесі
7	№ 7 сайлау округінің депутаты Амиров Тилекбай Идеятуллаевич Ұялы телефоны: 87777602925	Көптоғай ауылы Аманкелді ауылы Қарасу ауылы	21 сәуір, 18 мамыр, 24 маусым, 20 шілде, 24 тамыз, 21 қыркүйек, 18 қазан, 24 қараша, 28 желтоқсан 26 сәуір, 26 мамыр, 23 маусым, 11 шілде, 20 тамыз, 29 қыркүйек, 23 қазан, 28 қараша, 25 желтоқсан күндері 26 сәуір, 26 мамыр, 23 маусым, 11 шілде, 20 тамыз, 29 қыркүйек, 23 қазан, 28 қараша, 25 желтоқсан күндері	Көптоғай ауылдық округі әкімінің кабинеті Аманкелді орта мектебі директорының қабылдау бөлмесі Қарасу негізгі мектебі директорының қабылдау бөлмесі
8	№ 8 сайлау округінің депутаты Зулкарнаева Алмагүл Талапкалиевна Ұялы телефоны: 87055908030	Сарбие ауылы Шұбарши ауылы	21 сәуір, 19мамыр, 21 маусым, 20 шілде, 16 тамыз, 21 қыркүйек, 18 қазан, 20 қараша, 22 желтоқсан күндері 21 сәуір, 19мамыр, 21 маусым, 20 шілде, 16 тамыз, 21 қыркүйек, 18 қазан, 20 қараша, 22 желтоқсан күндері	Сарбие ауылдық округі әкімінің кабинеті Жақсыбайкөл негізгі мектебі директорының қабылдау бөлмесі
9	№ 9 сайлау округінің депутаты Қабдығалиұлы Сағдат Ұялы телефоны: 87014389992	Қараой ауылы Құбасай ауылы Қаракөл ауылы Шикұдық ауылы	26 сәуір, 26 мамыр, 23 маусым, 11 шілде, 20 тамыз, 29 қыркүйек, 23 қазан, 28 қараша, 25 желтоқсан күндері 26 сәуір, 26 мамыр, 23 маусым, 11 шілде, 20 тамыз, 29 қыркүйек, 23 қазан, 28 қараша, 25 желтоқсан күндері 21 сәуір, 19мамыр, 21 маусым, 20 шілде, 16 тамыз, 21 қыркүйек, 18 қазан, 20 қараша, 22 желтоқсан күндері 21 сәуір, 19мамыр, 21 маусым, 20 шілде, 16 тамыз, 21 қыркүйек, 18 қазан, 20 қараша, 22 желтоқсан күндері	Қараой ауылдық округі әкімінің кабинеті Құбасай бастауыш мектебі меңгерушісінің қабылдау бөлмесі Қаракөл бастауыш мектебі меңгерушісінің қабылдау бөлмесі Теректі негізгі мектебі директорының қабылдау бөлмесі

10	№ 10 сайлау округінің депутаты Аманғосұлы Дастан Ұялы телефоны: 87767768390	Кемер ауылы Қоңырат ауылы Ақкемер ауылы Бестамақ ауылы	28 сәуір, 25 мамыр, 22 маусым, 12 шілде, 25 тамыз, 28 қыркүйек, 24 қазан, 30 қараша, 25 желтоқсан күндері 28 сәуір, 25 мамыр, 22 маусым, 12 шілде, 25 тамыз, 28 қыркүйек, 24 қазан, 30 қараша, 25 желтоқсан 24 сәуір, 22 мамыр, 21 маусым, 20 шілде, 23 тамыз, 25 қыркүйек, 23 қазан, 28 қараша, 22 желтоқсан күндері 24 сәуір, 22 мамыр, 21 маусым, 20 шілде, 23 тамыз, 25 қыркүйек, 23 қазан, 28 қараша, 22 желтоқсан күндері	Саралжын ауылдық округі әкімінің кабинеті Қоңырат медициналық пунктi ғимараты Ақкемер ауылдық клубы Бестамақ ауылдық клубы
11	№ 11 сайлау округінің депутаты Оралов Самғат Серікұлы Ұялы телефоны: 87711022834	Ақжар ауылы Көсембай ауылы Құмжарған ауылы	25 сәуір, 23 мамыр, 18 маусым, 27 шілде, 21 тамыз, 29 қыркүйек, 27 қазан, 21 қараша, 25 желтоқсан күндері 25 сәуір, 23 мамыр, 18 маусым, 27 шілде, 21 тамыз, 29 қыркүйек, 27 қазан, 21 қараша, 25 желтоқсан күндері 24 сәуір, 22 мамыр, 21 маусым, 20 шілде, 23 тамыз, 25 қыркүйек, 23 қазан, 28 қараша, 22 желтоқсан күндері	Қайыңды ауылдық округі әкімінің кабинеті Көсембай негізгі мектебі директорының қабылдау бөлмесі Соркөл орта мектебі директорының қабылдау бөлмесі

АЛАЯҚТАР СІЗДІҢ АТЫҢЫЗҒА ЖАЛҒАН КРЕДИТ РЕСІМДЕГЕН ЖАҒДАЙДА НЕ ІСТЕУ ҚАЖЕТ?



Егер сіздің дербес және төлем деректеріңіз киберқылмыскерлердің қолына түскен жағдайда, олар сіздің онлайн- немесе мобильдік банкингіңізді бұзып, алаяқтық тәсілмен кредит ресімдеулері мүмкін.

Егер сіз «басқа адамның кредитінің» құрбаны болсаңыз, онда бірінші кезекте, қарыз ресімделген кредиттік ұйымның атауын біліп алыңыз, және оған өтінішпен жүгініз. Атыңызға заңсыз кредит ресімделу фактісін кредиттік тарихтың көмегімен анықтауға болады, оны тоқсанына кемінде 1 реттен кем емес үнемі тексеріп тұру қажет. Дербес кредиттік есепті Мемлекеттік кредит бюродан, Бірінші кредиттік бюродан, ҚХО-дан немесе egov.kz порталы арқылы алуға болады.

Кредитордан міндетті түрде ішкі қызметтік реттеу жүргізуді талап етіңіз. Сонымен қатар, кредиттік ұйым сізге шарттың көшірмелерін, оған қосымшаларды және жеке басты куәландыратын құжаттарды, сондай-ақ ақша аударылған шоттың деректемелерін ұсынуға тиіс. Сізге кредит берген және шартты ресімдеген қызметкердің деректерін нақтылау қажет.

Өтінішті сондай-ақ, құқық қорғау органына да беру қажет. Сіздің өтініштеріңіз тіркелуге тиіс, өтінішті қабылдау күні көрсетілген тіркеу нөмірі сіз өзіңізге қалдыратын өтініштің көшірмесіне де қойылуға тиіс.

Кредиттік ұйым құжаттар ұсы-

нудан бас тартқан жағдайда, сіз ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігіне шағым бере аласыз.

Егер кредиттік ұйым ақшаны сіздің жеке куәлігіңіз бойынша алаяқтардың алғанына дәлелдер таба алмаса, тұрғылықты мекенжайыңыз бойынша сотқа мәмілені жарамсыз деп тану туралы шағым-талап беру қажет. Сот шешімді сіздің пайдаңызға шығарған жағдайда, кредиттік ұйым:

- сізден борышты төлеуді талап етуді тоқтатуға;
- берешекті есептен шығаруға;
- кредиттік бюроға сіздің кредиттік тарихыңыздан басқа адамның қарызы бойынша ақпаратты алып тастау жөнінде хат жолдауға тиіс.

ЧТО ДЕЛАТЬ, ЕСЛИ МОШЕННИКИ ОФОРМИЛИ НА ВАС ФИКТИВНЫЕ КРЕДИТЫ?

Если ваши персональные и платежные данные попали в руки киберпреступников, то они могут взломать ваш онлайн - или мобильный банкинг и оформить кредиты мошенническим способом. Если вы стали заложником «чужого кредита», то в первую очередь, выясните наименование кредитной организации, в которой оформлен заем, и обратитесь к ним с заявлением. Выявить факт незаконного оформления кредита на свое имя можно с помощью кредитной истории, которую нужно проверять регулярно, не реже 1 раза в квартал.

Получить персональные кредитный отчет можно в Государственном кредитном бюро, Первом кредитном бюро, ЦОНах или через портал egov.kz.

Обязательно потребуйте у кредитора проведения внутреннего служебного расследования. Кроме того, кредитная организация должна предоставить вам копии договора, приложений к нему и документов, удостоверяющих личность, а также реквизиты счета, на который переведены деньги. Вам необходимо будет уточнить данные сотрудника, выдавшего кредит и оформлявшего договор.

Также необходимо подать заявление в правоохранительные органы. Ваши заявления должны зарегистрировать, регистрационный номер с датой принятия заявления необходимо поставить и на копии заявления, которую вы оставляете себе.

В случае отказа кредитной ор-

ганизации в предоставлении документов, вы можете подать жалобу в Агентство РК по регулированию и развитию финансового рынка.

Если кредитная организация не найдет доказательств того, что деньги по вашему удостоверению получили мошенники, необходимо подать иск в суд по месту жительства о признании сделки недействительной. В случае вынесения судом решения в вашу пользу, кредитная организация должна:

- прекратить требовать с вас оплату долга;
- списать задолженность;
- направить в кредитное бюро письмо об исключении информации по чужому займу из вашей кредитной истории.

2023 жылдың 3 наурызында «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» Заң күшіне енді. Осы Заң Қазақстан Республикасының азаматы төлемге қабілетсіз болған кезде туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейді, төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін, сондай-ақ соттан тыс және сот арқылы банкроттық рәсімін қолдануға арналған негіздерді, оларды жүргізу тәртібі мен шарттарын белгілейді.

Сот төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін және сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану, сондай-ақ азаматтық сот ісін жүргізудің жалпы қағидалары бойынша осы Заңда белгіленген ерекшеліктермен бірге бітімгершілік келісім жасасу туралы арыздарды қарайды.

Сот арқылы банкроттық рәсімі борышкерлерге (оның тұрғылықты жері бойынша) егер:

- 1) берешек сомасы арыз берілген күнге дейін қолданыста болған 1 600 айлық есептік көрсеткіштен (әрі қарай АЕК) асса;
- 2) міндеттемелер 12 ай бойы орындалмаса, яғни кредиторлар алдындағы міндеттемелер бойынша өтеудің, оның ішінде ішінара да болмауы;
- 3) борышкерге қатысты «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» және «Микроқаржылық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес банктік қарыз шарты және (немесе) микрокредит беру туралы шарт бойынша орындалмаған міндеттемелерді реттеу және (немесе) өндіріп алу жөніндегі рәсімдердің жүргізілуі шарттарына сәйкес келсе;
- 4) борышкердің осы рәсім барысында сатылатын мүлкі болса;
- 5) арыз берілген күнге дейін 7 жыл бойы соттан тыс немесе сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану фактісі болмаса қолданылуы мүмкін.

Осы шарттардың жиынтығы болуы тиіс.

Барлық міндеттеменің мөлшері (оның ішінде орындалу мерзімі басталмаған) өзіне тиесілі мүліктің құнынан аспайтын борышкер төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін қолдану туралы арызбен ғана сотқа жүгінуге құқылы. Мемлекеттік баж Салық кодексінің талаптары бойынша 0,5 АЕК мөлшерінде төленуге жатады.

Борышкер төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану туралы арызды өзінің тұрғылықты жері бойынша сотқа жазбаша түрде немесе электрондық құжат нысанында береді.

- Борышкердің арызында:
- 1) арыз берілетін соттың атауы;
 - 2) кредиторлардың талаптарын қанағаттандыра алмаудың негіздемесі;
 - 3) қоса берілетін құжаттардың тізбесі қамтылуға тиіс.

Борышкердің арызында, егер төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану туралы арызды өзінің тұрғылықты жері бойынша сотқа жазбаша түрде немесе электрондық құжат нысанында береді.

Борышкердің арызында, егер төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану туралы арызды өзінің тұрғылықты жері бойынша сотқа жазбаша түрде немесе электрондық құжат нысанында береді.

Борышкердің арызында, егер төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану туралы арызды өзінің тұрғылықты жері бойынша сотқа жазбаша түрде немесе электрондық құжат нысанында береді.

Борышкердің арызында, егер төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану туралы арызды өзінің тұрғылықты жері бойынша сотқа жазбаша түрде немесе электрондық құжат нысанында береді.

хабардар ету үшін тұрғылықты жерінің немесе тұрған жерінің мекенжайын, электрондық мекенжайларын және байланыс телефондарының нөмірлерін (осындай ақпарат болған кезде) көрсете отырып;

2) банкрот деп тану туралы арызбен жүгінгенге дейін кемінде алты ай бұрын жасалған бағалау туралы есепті (ол болған кезде) қоса бере отырып, борышкер мүлкінің тізімдемесі;

3) төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану туралы арыз бергенге дейінгі соңғы үш жыл ішіндегі азаматтық-құқықтық және (немесе) өзге де, оның ішінде талаптары борышкердің мүлік кепілімен қамтамасыз етілген міндеттеме бойынша міндеттемелердің тізбесі;

4) борышкердің банктік қарыз шарты және (немесе) микрокредит беру туралы шарт бойынша берешекті реттеуді жүргізу жөнінде шаралар қабылданғанын растайтын құжаттың көшірмесі қоса беріледі.

Екінші деңгейдегі банктің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банк филиалының, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның және (немесе) микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымның себептерінің уәжді негіздемесі көрсетілген банктік қарыз шартының және (немесе) микрокредит беру туралы шарттың талаптарын өзгертуден бас тарту туралы жауаптары осы тармақшада көрсетілген рәсімнің жүргізілгенін растайтын құжаттар болып табылады.

Екінші деңгейдегі банк, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банк филиалы, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым және (немесе) микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйым борышкердің арызына жауап бермеген жағдайда, борышкер арызының көшірмесі немесе арыздың электрондық форматта жіберілгені туралы растама осы тармақшада көзделген рәсімнің жүргізілгенін растайтын құжат болып табылады.

Сот борышкердің осы белгіленген талаптарға сәйкес келмейтін төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану туралы арызды қарамастан кері қайтарады. Ал белгіленген шарттарға сәйкес келген жағдайда сот арыз сотқа келіп түскен күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей, төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін немесе сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану туралы арызды қарамастан кері қайтарады.

Сот төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану туралы арызды қарамастан кері қайтарады. Ал белгіленген шарттарға сәйкес келген жағдайда сот арыз сотқа келіп түскен күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей, төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін немесе сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану туралы арызды қарамастан кері қайтарады.

Сот төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану туралы арызды қарамастан кері қайтарады.

Сот төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану туралы арызды қарамастан кері қайтарады.

Ежелгі жыл қайыру дәстүрі

Қазақ ежелден көшпелі өмір салтын ұстанып, мал шаруашылығымен күн көрген халық ретінде жыл мезгілдерінің ауысатын уақытын анық біліп отыруы керек болған. Бұл малдың төлдеу кезінде күннің райы қандай болатынын дәл болжап, жас төлді аман аяқтандыру үшін де қажет еді. Осы тұрмыстық-шаруашылық қажеттілік көшпенділерді ғасырлар жүзінде жыл мезгілдерін анық айыратын, ай аттарын берік орнықтырған халық етіп қалыптастырды.

Бабаларымыздың жіктеп-жіліктеуінше ай аттары мына ретпен тізбектеледі: Ергеу - Наурыз; Көктеу - Сәуір; Мезгеу - Мамыр; Көзгеу - Маусым, Шілдеу - Шілде; Тамызық - тамыз; Дәндеу, Мизам - Қыркүйек; Соқтау - Қазан; Күйек - Қараша; Қауыс, Ықтырғы - Желтоқсан; Ығыс - Қаңтар; Қаңтар - Ақпан.

Көптеген зерттеушілер ежелгі көшпенділер жыл мезгілдерін, тіпті алдағы табиғи апаттар мен тосын оқиғаларды да жұлдызға қарап анықтаған деген тұжырымға келеді. Этнограф, ғалым Байахмет Жұмабайұлының айтуынша қазақ халқы ежелгі жұлдыз күнтізбесі арқылы жыл басын белгілеп, жұлдыздар өзгерісіне қарай алдағы уақытты дәл анықтап отырған.

Жұлдызшылар жұлдыздардың орнын өзгертуіне, қозғалыс жылдамдығының өзгерісіне, анық-өшкіндігіне және басқа да өзгерістеріне қарап жыл өзгерісін дәл болжайтын болған. Тіпті, адамдар арасындағы болатын өлім-жітім, соғысты да болжап айтатын. «Ай шалқасынан туыпты, күн суытайын деп тұр», «Үркер суға ерте түсті, жаз жауынды болады; құрғаққа түссе құрғақшылық болады», «Қазан айында күн күркіресе, қыс қысқа болады», немесе «Биыл Үркердің шөміші кішке-не екен, жастардың өлім-жітімі көп болады-ау», «Шығыстан сары жұлдыз көтеріліпті. Не соғыс, не апаттың белгісі» деп айтылатын жорамалдардың көбі деп келіп отырған.

Қазақ даласына Ислам дінінің ке-

луімен мұсылманша ай атаулары бабаларымызға етене таныс болды. Олар: Қаңтар - Сафар; Ақпан - Рабиғул әууәл; Наурыз - Рабиғул ахир; Сәуір - Жумадил әууәл; Мамыр - Жумадил ахир; Маусым - Ражәб; Шілде - Шағбан; Тамыз - Рамазан; Қыркүйек - Шәууәл; Қазан - Зулқағда; Қараша - Зулхиджа; Желтоқсан - Мухаррам. Ал, көнекөз қариялар ай атауларын былай түзген: Наурыз - Хамал; Көкек - Сәуір; Мамыр - Зауза; Маусым - Саратан; Шілде - Өсет; Тамыз - Сүмбіле; Қыркүйек - Мизам; Қазан - Ақырап; Қараша - Қауыс; Желтоқсан - Жәди; Қаңтар - Дәуа; Ақпан - Құт.

«Сәуірдің» туы

«Сәуір» - араб тілінде «өгіз» деген мағынаны білдіріп, жұлдыз айлары бойынша «Торпақ шоқжұлдызының» атауы болады. Бұл атау 90 жылдары қолданысқа енген, кейін бүкіл қазақ елі көкекті осылай атап кеткен. Осы бір өзгерістің куәсі болған есімі елге белгілі журналист Марат Тоқашбай ағамыз әлеуметтік желідегі парақшасында:

«Қазақша ай аттарында «апрель» айын «көкек» дейді. Ал «сәуір» қайдан пайда болды? Оның тарихы мынандай: 1990 жылы 24 апрельде арнайы заңмен Қазақстанда президенттік билік енгізілді. Тура сол күнге Қазақ КСР Жоғарғы кеңесінің алғашқы саны жарық көрді. Бұрын «апрель» сөзі қолданыла беретін. Компартияның қылышынан қам тамып тұрса да жаңа басылымда ай аттарының қазақша берілгенін көңіліміз қалап тұр. Алайда бір аптадай ғана бұрын Орталық Комитеттің апрель Пленумы өткен. Оны қалай жазамыз? «КПСС Орталық Комитетінің Көкек Пленумы» десек бас кетеді. Содан, газеттің бас редакторы Сарбас Ақтаев жол тапты: «Сәуір Пленумы» дейік деп.

Осы тіркестегі «сәуір» сөзі біртіндеп барша басылымдарға ауысты. Одан кейін «Орталық Комитет» те, «Пленум» да жойылды. Бірақ қазақша ай аттарының ішінде көзге шыққан сүйелдей боп арабша «сәуір» сөзі қалып қойды.

Енді соны неге түзетпеске?!» деп жазды.

Бұл жазба жарық көрген уақыттан бір жыл бұрын «Айқын» газетінің бас редакторы Нұртіе Жүсіп ағамыз да «Айды айырмаған - амалды білмейді» деген мақала жариялап, онда мынандай дерек келтіреді: «Қазіргі қолданыста жүрген ай атауларының ішінде саяси сипатпен «өніп» кеткен бір ай бар. Ол - сәуір айы. Бұрынғы қазақ бұл айды «көкек» деп атаған. Осы көкек қалайша сәуір болды?

«Егемен Қазақстан» газетінде, Шерхан Мұртазаның басшылығында қызмет істеп жүрген кезіміз. 1990 жыл. Компартия бар. «ЦК»-дан Шераға бір кісі телефон соқты. Шерхан Мұртаза газеттің кезекті нөміріне «көкек айы» деп белгілеп қойған. Редакторымыздың қабағы түйіле түсті. Телефонның дауыс күшейткішін іске қосқан Шераға бізге «тыңдаңдар» дегенді ишара білдірді.

- Сонда көсеміміз Лениннің «Апрель тезистері» дегенін «Көкек тезистері» дейміз бе? - деді ар жақтағы кісі дауысын нығарлап. - Бұл ертең елдің күлкісін тудырады ғой. Көкек емес, сәуір болсын! Газетке солай көрсетіңіздер...

Сонымен, «Егеменнің» реттік көрсеткішіне «сәуір» деп жазылды. Содан бері - сәуір. Ленин де кетті. Оның тезистері де мәнін жоғалтты. Сәуір сақталып қалды».

Жоғарыда келтірген қос мысал «Сәуір» атауының бар «құпиясын» ашып беріп тұр десек те болады.

Қазақстан компартиясы ОК-нің хатшысы болып тұрған уағында Өзбекәлі Жәнібеков осы атауды енгізді дегенді естідік, оқыдық. «Сонда Лениннің «Апрель тезистерін» - «көкек тезистері» дейміз бе?» деген уәжді алға тартып, «Көкек» атауын ысырған да тастаған. Онысы қаншалықты дұрыс болғанын бүгінгі ұрпақ пайымдар, бағасын берер. Анығы, ай атауын өзгерткен сол кісі.

Бұл атауды жақтырмайтын жандардың да пікірін желіде көзіміз шалып қалып жатады. Сондағы олардың келтіретін уәжі - қазақтың «Сәуір болмай, тәуір

болмайды» деген сөзі. Осы сөз көктемнің екінші айын бұрыннан бабаларымыз «Сәуір» деп атаған деп ойлауға себеп болатындай. Біздің білуімізше, бұл сөздің бары рас. Бірақ бұл жерде «сәуір» сөзі айдың атауы ретінде емес, осы айдағы амал атауы ретінде қолданылса керек. Сол амал жақсы өтпей, кейін күн райы да тәуір болмайтынын айтқан. Олай болса осы амал жөнінде де аз-кем білгенімізді айта кетейік.

Сәуір амалы

Қазақта «амал» деген ұғым бар. Әр жыл мезгілінде, қала берді әр айда болатын табиғат құбылыстарын амал деп атайды. Отамалы, Бесқонақ, Сәуір амалы, Құралайдың салқыны... Осының бәрі амалдар. Әрбірінде болатын құбылыс әр түрлі. Соған сай жасалатын қам-қарекет те өзгеше.

Қариялар Сәуір амалы (шамамен осы айдың 20-сыншы жұлдызында басталады) кіргенде жаз бұлттарын бақылайды. Бұлт төніп, ыдырамаса, сәуірдің бұлтты болатын қам-қарекет те өзгеше.

Сәуір амалы өтпей, сәуір (үйірге енді қосылған 3-4 жасар айғыр) пішеге болмайды. Аяқ-астынан ауа райы бұзылып, қарлы боран болуы мүмкін. Осы жөнінде бір аңыз былай дейді: бір бай отамалы өткен соң, жаз шықты деп ойлап, қырық сәуірін түгел піштіріп тастайды. Соның артынан қарлы боран болып, қырық піше түгел қырылыпты. Ел ішінде осы амалды «қырық сәуір» деп те атаса керек.

Халқымызда бұл амалға қатысты «Сәуір болмай, сайран болмас; Сайран болмай, айран болмас», «Сәуір болмаса күн күркірер, Күн күркіресе көк дүркірер», «Сәуірдегі жауын - Сауып тұрған сауын», «Сәуір жақсылығына бақпаса алты күн, жақсылығына бақпаса алты күн», «Сәуір болмай, тәуір болмас» деген мақал-мәтел, қанатты сөздер бар.

Сонымен қатар қазақ халқы сәуір амалы кезінде соғатын көктемгі желді де «сәуір» деп атайды.

Интернет иірімдерінен

ӨРТ ҚАУІПТІ КЕЗЕҢДЕ ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ ЕРЕЖЕЛЕРІН САҚТАЙЫҚ!!!



Жаздың шығуы өрттің қауіпін күшейтеді. Сондықтан, орман дала алқаптарында, тұрғын үй аумақтарында өрт қауіпсіздігі қағидаларын сақтау тіпсіз жаудың алдын-алуға себеп болады. Аудандық «Ойыл» газетіне өрттердің алдын-алу мақсатында ай сайын мақалалар беріліп, Төтенше жағдайлар бөлімі қызметкерлері аудан көлемінде өрттердің алдын-алу мақсатында атқарылған түрлі шараларға қарамастан аудан көлемінде өрт оқиғалары әлі де азаймай келеді. Жоғарыда айтылғандардың негізінде Өрт қауіпті кезеңдегі өрт қауіпсіздік ережелерін ұсынамыз. Орман дала алқаптарында өртті болдырмау үшін:

- далалық алқаптарда от жағуға, жанар-жағармай заттары сіңген сұрту материалдарын тастауға, тез тұтанатын және бықситын материалдарды тастауға тыйым салынады.

- шөп шабу жұмыстарын жүргізу кезінде әрдайым өрт қауіпсіздігі ережелерін қатаң түрде сақтау;

- шөп шабуға жұмылдырылатын техникалар мен агрегаттарды техникалық байқаудан өткеннен кейін ғана қолдану;

- техникалар мен агрегаттарды алғашқы өрт сөндіру құралдарымен толық мөлшерде қамтамасыз ету;

- облыстық және жергілікті маңыздағы автокөлік жолдары бойында темекі тұқылын тастамау;

- табиғат аясында демалыс уақытын өткізу және кезекпен мал бағу кезінде от жақпау, темекі тұқылын сөндірмей тастамау және тез тұтанғыш қоқыстарды шашпау қажет;

- мал қыстақтарындағы мал баздарының сыртқы аумағындағы жерлер үйілген шөп скирдтерінің айналасы жыртылып сыммен қоршалуы тиіс;

- пішен маяларын электр желілерінің жақын орналасқан жерге жинауға тыйым салынады;

- шаруа қожалықтары өздеріне тиесілі жерлердің аумағын жырты арқылы өрттен қорғауы қажет

Далалық жерлердегі өрттердің басты себебі шаруа қожалықтардың қолданысындағы агрегат-

тар мен техникалардың ескіруі, ұшқын өшіргіштермен және алғашқы өрт сөндіру құралдарымен қамтылмауы. Сонымен қатар, облыстық және аудандық маңыздағы тас жолы бойында көлік жүргізушілерінің темекі тұқылын сөндірмей тастауынан да өрттер тіркелуде.

Тұрғын үй аумақтарында өрттерді болдырмау үшін келесі шараларды орындау қажет: тұрғын үйлерге, құрылыстарына жақын орналасқан аумақтарды тұрақты түрде қоқыстан, қалдықтардан және өртенетін материалдардан тазалап отыру, қоқыстарды арнайы белгіленген жерлерде жинап, шығарып тастау қажет.

Оларды жинау орындарында өртеуге болмайды.

Осы айтылған шаралардың барлығы әр азаматтың сана сезімінде болып, немқұрайлы қарамауы тиіс. Өртті болдырмау, алдын алу шараларын жасау баршамыздың көңіл бөлер ортақ міндетіміз. Өз міндетімізді дұрыс түсіну кездейсоқ өрт шығу фактісіне ұрындырмауы сөзсіз.

Өрт қауіпсіздігі қағидаларын сақтамай өрттің туындауына жол берілген жағдайда айыпты тұлғалар Қазақстан Республикасының «Өкімшілік құқық бұзушылықтар туралы» Кодексіне сәйкес өкімшілік жауапкершілікке тартылатын болады.

Есіңізде болсын! Өртті байқаған жағдайда жедел түрде «101», «112» шұғыл қызметтерінің телефондары бойынша хабарлауларыңыз қажет.

Ойыл ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.	Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көкжар көшесі, №69, 3 қабат Байланыс телефонны: 8 (71332) 2-11-07. Газетте жарияланған мақала авторының пікірімен редакцияның көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.	Газет аптасына бір рет шығады. Таралымы 1442 дана. Тапсырыс 537 Көлемі 1 баспа табақ, индекс 65525 «Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Ақтөбе қаласы, Ә. Смайұлов көшесі 9/2. Табасы сапасы, Ә. Смайұлов көшесі 9/2. телефонына хабарласуға болады.
--	---	--

ОРАЗАДАҒЫ ОЧ ИГІ ІС



Ойыл аудандық жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен басталған «Оразадағы он игі іс» акциясы өз мәресіне жетті. Рамазан айындағы сегізінші қайырымдылық акциясы «тегін курс». Ж.Жүсібалиев атындағы Ойыл қазақ орта мектебінің ағылшын пәні мұғалімі Айнаш Дінжанова ағылшын тілінен тегін бір айлық курс, Сапақөлі орта мектебінің информатика пәнінің мұғалімі Қажайы Сисенбаева «Цифрлық сауаттылық» тегін бір айлық курс ашты.

Мектептегі аз қамтылған, көп балалы отбасы балаларына тереңдетілген білім беріп қана қоймай, оқу барысында құрал-жабдықтар, көрнекіліктер тегін ұсынылатын

болады. Тоғызыншы игі қайырымдылық «Ардагерлерді ардақтайық» деп аталды. Ш.Бекмұхамбетова атындағы мектеп-гимназиясы, Ойыл қазақ орта мектебі, Ж.Жүсібалиев атындағы орта мектебі, Ойыл балалар-жасөспірімдер спорт мектебі, аудандық балалар музыка мектебінің ерікті, белсенді жастары бұл акция барысында қарт кісілерге, ардагерлерге жәрдем берді. Үй шаруасына көмек көрсетіліп, аулалары қоқыстан тазартылды. Игі шара аясында аудандық аурухана жастары ардагерлерге барып, профилактикалық мақсатта денсаулықтарына тексеру жүргізіп, арнайы сыйлықтарын тарту етті.

дәстүрді сақтау - елдігінді сатпау

Салт-дәстүр ұлт үшін ғасырдан-ғасырға созылған жазылмаған дала заңы, сол ұлттың географиялық, климаттық ортасына сай қалыптасқан рухани әрі мәдени өмірінің негізгі бөлігі. Салт-дәстүр ұлттың ұзақ уақыт бойы заман табаына сай дамып, өмірлік тәжірибелермен толықтырылған, әрі ұлт ретінде өзін сақтап қалуы үшін қажетті рухани институт ретінде қалыптасқан өмірлік заңдылықтар мен ережелер жиыны. Бұл талаптар мен ережелер қазақтың ұлттық салт-дәстүрлерінің өн-бойынан халықтың қуанышы мен қайғысын, білімі мен мәдениетін, тәрбиесі мен тағылымын, ұлттық болмысы мен бітімін, өткені мен бүгінін, тіптен келешегін де берік ұстағандығын озық салт-дәстүрлеріне қарап елестетуге болады. Біз ең әуелі кез келген ұлттық салт-дәстүр мен әдет-ғұрыптың астарына үңілер болсақ, барлығында ұлттың ұлт болуы үшін қызмет ететін ерекше бір пайдалы функция жатқанын көреміз. Сәби өмірге келген сәттен бастап

шілдехана өткізу, бесікке салу, азан шақырып ат қою, тұсау кесу, сүндет той, тоқымқағары мен тілашары, тай үйретіп, тапқақ айтып, домбыра шертіп, өлең айтқаны, айтыстарға қатысып жұрттың айызын қандығранына дейін, тіптен қыз балаға тән құда түсу мен сығра салудың, келін түсіріп, беташар жасаудың, ата-аналарға, үлкендерге жас келіндердің иіліп сәлем салуының, жігіттердің амандасқанда басын иіп, кеудесіне қолын қойып сәлем беруі, келіндердің қайын жұртының жасы үлкен, кіші болсын барлығының атын тергеп, оларды тура атын айтпай, өзі ең жақсы көретін атаулармен шақыруының астарында адам баласына ең керекті аса зор әдептіліктің асқар шыңы тұрса, әрбір адамның жасына, жынысына, ортасына, жұмысына, руына қарай кербездігі мен дала гүлдеріндей түрлі-түсті киімдері, таққан әсем бұйымдары мен ұлттық киімдерінің оюлары, бөрі-бөрі ешбір дінге, ешбір мазхабқа, ешбір қоғамдық заңдылыққа қайшы келер тұстары жоқ.

kazislam.kz

ТАЗАЛЫҚ АЙЛЫҒЫ БАСТААДЫ

ҮШІНШІ СӘУІР КҮНІ «АУДАННЫҒЫ ЕЛДІ МЕКЕНДЕРІ АУМАҒЫНДА КӨҒАЛДАНДЫРУ, САНИТАРЛЫҚ ТАЗАРТУ ЖӘНЕ АБАТТАНДЫРУ ШАРАЛАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ТУРАЛЫ» АУДАН ӘКІМІНІҒ ӘКІМІ ШЫҒЫП, ЕКІ АЙЛЫҚ ЖАРИЯЛАНДЫ. БҰЛ ШАРА 31 МАМЫРҒА ДЕЙІН ЖАЛҒАСАДЫ. ЕКІ АЙЛЫҚ КЕЗІНДЕ ЕЛДІ МЕКЕНДЕРДІ САНИТАРЛЫҚ ТАЗАРТУ, АБАТТАНДЫРУ ЖӘНЕ ЖАСЫЛ ЖЕЛЕКТЕНДІРУ БАҒАТЫНДА ЖҰМЫСТАР БАСТАЛЫП КЕТТІ.



Көктем шыға сала, жалпы аудандық «Екі айлық сенбілік» санитарлық-тазалық жұмыстарына барлық ауылдық аймақтар мен елді мекендерде тазалық жұмыстарын жүргізу басталды. Осыған орай, Қайыңды ауылдық округі бойынша тазалық айлығын ұйымдастыру мен жүргізу жөніндегі жоспар бекітілді. Тазалық жұмыстарына 60-қа жуық мекеме қызметкерлері атсалысты. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» - демекші, тазалық жұмыстарына 2

техника жұмылдырылып, қазіргі таңда 100 тонна құл-қоқыс мен тұрмыстық қалдықтар арнайы орындарға шығарылып, Қайыңды, Иманов, Жастар көшелеріне санитарлық-тазалық жұмыстарын жүргізді. Тұрғын үйлердің сыртқы қасбетін түзеп, өктеу, қоршауларын жөндеу, жұмыстары қызу жүргізіліп келеді. Мұндай тазалық шаралары алдағы уақытта жұма сайын жалғасын табатын болады.

Гаухар АЛЕКСЕЕВА, Ойыл селосы.

САНДУҒАШТЫҢ ЖЕҢІСІ

Қазақстанның халық жазушысы, драматург Тахауи Ахтановтың 100 жылдығына арналған Ақтебеде халық театрларының «Театр- өнердің ұлы көші» атты XI республикалық фестивалі өтті. 11-12 сәуір күндері қала халқы мен қонақтарына театр думаның сыйлаған өнер мерекесін облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының қолдауымен облыстық халық шығармашылығы орталығы ұйымдастырды. Театр десе ішкен асын жерге қоятын талғампаз көрермен екі күн қатарынан еліміздің 8

өңірінен келген 10 халық театры ұсынған драматург Т.Ахтановтың үздік қойылымдарын тамашалады. Соның ішінде 90 жылға жуық тарихы бар Ойыл халық театрының таланттары Т.Ахтановтың «Күтпеген кездесу» деп аталатын спектаклін қойды. Нәтижесінде аудандық мәдениет үйінің халық театрының әртісі әрі режиссері Сандуғаш Қарсақбаева «Үздік шынайы сомдағаны үшін» номинациясы мен 300 мың теңгенің сертификатына ие болды. Жарайсың, Сандуғаш!



БАҒУСЫЗ МАЛ - БЕЙНЕМ!

Ойыл ауданы халқының негізгі бөлігі үшін төрт түлік күнкеріс көзі. Әсіресе, соңғы кездердегі халықтың мал басын көбейтуі қуантады. Әсіресе, төрт түліктің төресі қылқұйрықтың тұқымы соңғы жылдары еселеп артып келеді. Бірақ, «жесең ет, міңсең көлік, сатсаң пұл!» - дейтін жылқы қашаннан «Ысқырса желдікі, айдаса жаудікі!» Атам қазақта оны бұрыннан «Мал баққанға бітеді» - деген. Малдан өнім алып, төлін сатып, табысын жақсы көреміз. Алайда бағуға келгенде, бәрі де «бір құдайға» тапсыра салады. Жоғалса, алдымен сәлем айтып іздейді, одан кейін «жүрген шығар» деген сеніммен өз бетінше іздейді. Әбден күдері үзіле бастағанда, араға алды апта, соңы ай салып құқық қорғаушылардың көмегіне жүгінеді. Кейбір жағдайларда, ол уақытта ұрылар ізін суытып үлгереді. Яғни, жылқысы біреудің қазанында бүлкілдеп жатады, болмаса шекара асып кетеді. Ал, енді біреулер тіпті өз малын бағуға ерінетіні соншалық, өзі бақпаса да, сәл көзінен таса болса, байбалам салып, бүкіл елді дүрліктіреді. Ауданнан полиция қызметкерлері басқа жұмыстың бәрін қойып барғанда, жылқысы ауылдың сыртындағы бір қырдың астында жатады. Ал жылқы жоғалып кетсе, иесінің іші күйгені өз алдына, бала шағасы непаңасынан қағылады. Сондықтан, аудандағы шаруашылық төрағалары мен жеке мал иелері

Ойыл аудандық полиция бөлімі

ТАҒЫЛЫМДЫ ӨМІР ІЗІ

АҒАЛАР САЛҒАН ІЗ БОЛУЫНА ӨЗІНІҒ ТУҒАН ЖЕРІНІҒ, ӨСКЕН ОРТАСЫНЫҒ ӨСЕРІ МӨЛ БОЛАТЫНЫ РАС ҚОЙ. БІЗДІҒ КЕЙІПКЕРІМІЗ ЕЛУБАЙ ҚАЛИЕВ — ҚЫР БАЛАСЫ. ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҒ САРЫБИЕ АУЫЛЫНДА ДҰНИЕҒЕ КЕЛГЕН.



Амандық болса, биылғы шілде айында сексеннің бесуіне толады. Аталған ауылдың іргесіндегі әлденеше көлдер мен Жекенді өзеніне суға шомылып, тасы табанына бататын құмына аунап өсті. Оны соғыс жылдарындағы және одан кейінгі ауылдың өмірі ерте есейтті. Сол шақтағы өзінің бірқатар тұстастары сияқты, қабырғасы қатпай еңбекке араласып, малды ауылдың тірлігіне көндірті. Сол қалыпты бұзбай, басынан-ақ болашағын мал шаруашылығымен байланыстырып, мал маманы болуды қалады. Бұған бір-бірімен іргелес отырған үш ауыл — Қарай, Қаракөл, Сарыбие ауылдарында ұжымшар басқарған Сүйесін Тілеумағанбетов, Ідіріс Суқашев, Зейнолла Сағиев сынды алдыңғы ағаларының да ықпалы аз болмаған сияқты. Ел алдында беделі зор осы ағалары сынды ұжымшар басқарып, күнкөрісі малға қараған ауылды жедел өркендетуге үлес қоссам деген арман көкірегіне ерте ұялағанды.

Орта мектеп бітірген жасты Алматы зоотехникалық-малдәрігерлік институтына алып келген де сол мақсат еді. Елубай 1963 жылы институтты бітіріп, ендігі еңбек жолын Берсиев атындағы шаруашылықта бас зоотехник болып бастады. Осында екі жыл жұмыс істеп, ауданда бірыңғай қой өсірумен шұғылданатын «Қайыңды» кеңшары ашылғанда жас маман жаңа істің басынан табылды. Табылып қойған жоқ, маңдай терін сыпырып жүріп, екі жылдың үстінде қыруар іс тындырды. Кеңшарда, ауданда өтетін жиындарда істі біліп сөйлейтін, ойын ешкімнен қайыпқай айтатын, кезінде оты бар, батыл азаматты лауазымы жоғары басшылар да тани білді, жақын тартты.

Мұндай мал шаруашылығын бас сәусеңдей білетін маман ең бірінші кезекте ауданға керекті. Әсіресе аудандық ауыл шаруашылығы басқармасының бас зоотехнигі қызметіне таптырмайтынды.

Елубай Қалиев отыз жасында осындай аса жауапты қызметтің тізгінін ұстады. Сол тұста ауданда 12 мыңға жуық ірі қара, 335 мың қой, 7,5 мың жылқы болған екен. Жекенді шарбағында өскен мал мұның сыртында. **ЗООТЕХНИКТІҒ ӨНГІМСІ** Маманға қойылатын жауапкершіліктің қаншалықты ауыр болғанын бүгін де Елекеңнің өмір жолын еске алған әр өңгімесінен аңғарамыз. — Қыстың жайлы болуы ол кезде сирек еді. Қар қалың түсетін. Апта-лап боран соғып, соңы азыз күндерге ұласатын. Көбіне қыстың басында мал шөпке қарайтын. Жылқы ғана тебінде болатын еді. Тіпті кей жылдары қыстың ішінде жанбыр жауып, тебінді қатырып, мұздақ түсіп, жылқы табындыарының да шөпке тұратын жағдайлары жиі кездесетін. Бір жылы қыстың ауыр болатыны басынан көрінді. Қыстың беталысының қиына бұрылғанын аңдаған аудан-

дық партия комитетінің бірінші хатшысы Байсалбай Жолмырзаев желтоқсан айының басында мені өзіне шақырды. Қыстың райын айта келіп, «Жемің, шөбің жете ме? Қыс ұзаған жағдайда аудандағы жеті совхоздың малы қыстан тарықпай шығатынына сенімдісің бе? Келіпдік бере аласың ба?» — деді. Мен хатшыға аудан бойынша қысқа түсетін малға дайындалған жемшөп қорының, оның әр малға шаққандағы нақты есебін алып, дайын келгенмін. Қағазымды жая бастап едім, хатшы: «Ал есеп белгілі қой. Совхоздар сол есепті дұрыс беріп отыр ма? Сондай дайындалған мал азығы әр совхозда шын мәнінде бар ма?» — деді. Мен алты совхоздың қыстан қысылмай шығатынына еш күдігім жоқ. «Саралықын» совхозынан ғана қауіптенемін. Ол жердегі мал маманының білімі төмен, тәжірибесі аз. Ал шаруашылық басшысы былай білгір, жақсы адам болғанмен, ауыл шаруашылығы саласының маманы емес едім. Бірінші басшы ойланп қалды. Совхоздың директоры Тінелі Толыбеков зейнеткерлік жасқа тағана еді. Абай атындағы педагогикалық институтының тарих факультетін бітірген. Белгілі партия-кеңес қызметкері. Еңбек жолын Түркістанда прокурор болып бастап, Алматы облысы атқару комитеті төрағасының орынбасары, осы облыстың Балқаш аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы, Ақтөбе облыстық партиякомиссияның төрағасы қызметтерін атқарған. Бөкеннің жерлесі, қазалылық болатын. Қалай қабылдайды деп, қауіптеніп те отырғанмын. Бірінші хатшы менің пікірімді дұрыс түсінді. Көп кешікпей шаруашылыққа бас зоотехник болып тәжірибелі маман Ақмырза Мұхтаров тағайындалды. «Қыс ішінде ауданнан комиссия барып, жемшөптің қорына тексеру жүргізді, есеп дұрыс болып шықты...», — деп бір қайырды ол кезекті сөз желісін.

Ауыл шаруашылығының ардагері Елекеңмен әңгімелесіп отырғанда менің бір байқағаным, ол кездегі бірінші басшылардың қарлдардың жұмыс қабілетін тексеруі, тәрбиелеуі де ерекше екен.

— 1971 жылдың қысы да мал баққан ел үшін жайсыз болды, — деп жалғастырды тағы бір әңгімесін ол. — Далаңы ақбаспай қар қымтап, апта-лап боран соғып, арасында аяз көтеріліп, аз күнде мал баққан ауылдарды қысып тастады. Алыс мал қыстақтарына жол жабылып, қатынау қиындады. Сондай бір боранды күндерде бірінші хатшы телефон соқты. «Елубай, ат-шанаң бар ма?» — деді салғаннан. Бірінші хатшы өзінің ықыласы құлаған адамдарды ғана есімімен атайтын. Соны білетін мен абдырағам жоқ. «Ат-шана жоқ. Бұрын екі совхозда қызмет істегенімде болды. Ауылшаруашылық басқармасы ат ұстамайды», — дедім. «Олай болса, аудандық партия комитетінің ат көлігімен шығып, мал қыстақтарын аралаймыз», — деді.

Айтқан уақытында әкімшілік үйіне келсем, ауапарткомның атшысы көлікті дайын ұстап отыр екен. Қабылдап алып, атшының меңзегімен бірінші хатшының үйіне келдім. Бөкең өзі шығып, «Ішке кір, түстік ішіп жүреміз» деді. Иманды болсын, ағамыздың өмірден өткеніне көп болды қой. Зайыбы Қаракөз жеңгеміз бар, өткен жылы тоқсанға шықты. «Саптыаяқтың сыры кетсе де, сыны кетпейді» деген, қазір де тіп-тік, келісті. Ол кезде тіпті ақарлы келіншек, шай құйып, қолынан түстік іштік. Хатшы ағамыз көдімгі асқан етті үлкен фарфор кесе-ге құйдыртып, лапшалал ішеді екен. Жеңгей маған да солай әкелді. Жақсы ауқаттанып, далаға шықсақ, боран соғып тұр. Ызығрық желмен азызды да күші сезіледі. Бөкеннің үстінде қайырма жағалы қасқыр ішік, басында түлік тымақ, аяғында ішіне тері сырып тіккен, қонышына дейін келетін саптама етік. Мен де тонбайын деп барынша жылы киінгенім: аяғымда байпақ, үстімде тон, бақысма жақсы құлақшыным бар. Атқа жеңіл көшаба шананың төріне хатшы

жайғасты да, делбе ұстаған мен айдаушының орынтағына бір аяғымды астыма басып, екінші аяғымды сыртыңа жіберіп отырдым. Бала күнімен ауылда арба, шана жегіп, ат айдап өскенімн ғой, малдың жағдайын жақсы білемін.

Ол кезде елді мекендердің арасын жалғастыратын көтерме жолдар әлі салынбаған. «Сегізсайдан шыға алсақ, әр жағын амалдауға болар еді» деп ішімнен ойлап келемін. Айтқандай, Сегізсайдың шығар қабағын қар басып тастапты. Жайшылықта да, атпа тік жолдың қабақтағы енді жапқан күртік қарына тірелгенде, шанадан түсіп, атты жетектеп ілгері тартып едім, қос аяқтап орғып, қасат қарды жарып, қырға ытқып шықты. Аттың әлді екенін бұрыннан білетінмін. Берсиев атындағы совхозда бас зоотехник болып жүргенімде осы ат қолында болған еді. Кейін ауапарткомға алған. Ат бұрынғы бабында тұрғандай көрінді.

Құрманов атындағы совхоздың Аманкөзді аталатын фермасының мал қыстақтарын аралап келеміз. Бір-екі қыстақтан өтіп, үшіншеге жақын қалғанда, аудан басшысының малды ауылда жүргенін енді естіген совхоздың мал мамандары да енгіліп жетті. Шанадан, аттан түсе қалып аман-саулық сұрасқан кезде, совхоздың бас мал дәрігері айналып, хатшының ық жағына шыға берді. Мұны аңдаған хатшы: «Сен неге бір орында тұрмайсың?» — дегені. Сонда барып маман «Түстік кезінде барған үйіміз қонақсындар деп ұсынамын бір-екі стақан ішімдік ішіп қойып едім», — деп мойындап, кешірім сұрады. Ат құлағы көрінбейтін боранда ауданның бірінші басшысы сап етіп түпкірдегі малды мекенге келе қалар деп ойламаған болу керек. Бұдан құтылғанмен, малға жауапты мамандар отар басында ойламаған жерден ұсталды. Аулада шөптегі саулық қой отарының жай-күйін көріп тұрғанбыз. Шопан да, совхоздың, ферманың мал мамандары да жанымызда. Бәрі жақсы, шаруа да тиянақты баяндалған сияқты еді. Бір кезде саулық қой отарының ішінен тайыншадай қошқар бөлініп шығып, құлды сөлемдесе келгендей, хатшының алдына жақын келіп тұра қалғанын. Қошқар күйлі болсын деп, қолдан жем беріп, соған үйренген ғой. Екі адамның төбесі көрінсе, жем беретіндей дөметіп, жүгіріп келеді екен. Қыс ішінде саулық қой отарының ішінде қошқардың қосылып жүруі ол заманда қылмыс. Бұл келеңсіздікті тұқыртып айтып, хатшы маған сөйлетіп алдағы ауапартком бюросына дайындауға сол жерде тәртіп берді.

Берсиев атындағы шаруашылықтың аумағына енгенін тынысым кеңейіп сала берді. Себебі бұрын қызмет істеген өңірім, малды мекені түгіл, өр төбесін, шоқысын жатқа білемін. Біз аралаған ферманың меңгерушісі Омар Нұрғазин тәжірибелі, өз ісіне мығым адам еді. Бірінші басшы шаруаның ұйымдастырылуына көңілі толғандай болды. Бірақ ферма басшысының үйіне түспей, өзіне жақындағы бар мал маманы Күмісқалидың үйіне тоқтады. Мұнысы тыныш демалуды көздегені екен.

Ертесінде де екеуіміз күні бойы малды ауылды аралаумен болдық. Ауа райы бір ашылып, бір бұзылып тұрды. Малды ауылға апаратын сүрлеу жолдардың көп бөлігін қар басқан, бірақ жақсы бапталған көлігіміз қайтарда совхоз орталығы Қараталға болдырмай жеткізді. Кешкі шайды әзіл-қалжыңы жарасқан қатары Ережелітін үйінен ішкен хатшы: «Елубай, өзінің қызмет істеген ауылы, бүгін осында болсын, ертең қайтар!» — деп, әзіл-дегендей болып қош айтты. Ойылдан шақыртқан машинасы дайын тұр екен.

КӨКЖАР КІРПІШІНІ ОРАЛУЫ Мен Елекеңді Ойыл ауданында ұзақ жыл қызмет істегенде біршама білдім деп ойлаймын. Әр кез өзін сырбаз, сыйайы ұстайтын. Алқағы жиындарда шаруаның жағдайын жақсы біліп, сөзін шөпелеп айтатын. Ол барлық кезде салықалы басшыларға тән қа-

не малдың мойнына GPS-трекерлер орнатып, оны ұялы телефон арқылы бақылауға болатынын ескертпейміз! Ауданда қазірдің өзінде бірнеше адамның малдарына осындай қондырғылар қойдыртып, үйінен бақылап отырғандары бар. Сонымен қатар, өткен жылдан бастап жол бойындағы мал ауылдар малдарының мойнына түнде көзге алыстан шығатын, жарыққа жалтырап көрінетін ленталар байлауды қолға алды. Сондықтан, Ойыл-Қобда тас жолының бойында орналасқан елді-мекендер тұрғындары мен жайылымы жолға жақын орналасқан шаруашылықтардың да малдарының мойнына, денесіне осындай ленталарды байлауларын өтінеміз! Қазіргі таңда аудан көлемінде өзен арнасынан асып тасуына байланысты су жиналған шалшық сулар өте көп және соған ауылдың еркін жайылыста жүрген ірі қара малдары батып шыға алмай жатқан фактілер анықталуда. Тіпті кейбір ірі қара малдарының өлекселері де табылуда. Сол себепті ауыл тұрғындары малдың жоғалуының алдын алу мақсатында әкімдікпен бекітілген бақташыларға малдарыңызды бақтыруыңызды сұраймыз. Естеріңізге сала кетейік, ауыл шаруашылығы жануарларын жаю қағидаларын бұзу, яғни, бағусыз жібергені үшін ҚР ӨҚБтК 408 бабы 1 бөлігімен 3 АЕК /10350 теңге/ көлемінде айыппұл салынатынын ескертпейміз.

Ол аудандық ауыл шаруашылығы басқармасының бас зоотехнигінен басқарманың басшысы лауазымына тағайындалып, ұзақ жыл бір орында тапжылмай қызмет етті. Содан 1980 жылы ғана «Ойыл» совхозының директоры қызметіне келді. Бұл ауданның орталығында орналасқан шаруашылық еді. Жаңа басшы келгенге дейін аудан басында бұл құрылымның аты шыққан жоқ. Дөңгелеген шағын совхоздың сыртында үш фермасында азыз-көпті мал өсірілетін. Шамалап егін салатын.

Шаруашылықтың тізгінін жаңашыл Елубай Қалиев ұстағаннан кейін кеңшар өзгеріп сала берді. Екі саланы жетік білетін айтулы маманның келуімен төрт түлік мал өсіру мен өсірілімнің өркендейтіні болса да белгілі ғой. Мен ол жайлы айтып жатпай, жаңа басшы басқарған шаруашылықтың аудан басында, қала салушы өнеркәсіп сынды, тірек құрылымға айналғанына ғана тоқталсам деймін.

Ұлы Жібек жолындағы ірі сауда орталығы болған Көкжар жәрмеңкесінің күйдірілген қызыл жық кірпішінің беріктігі сондай, бапталғанда сынбайтын. Соның арқасында ғасырлар бойы міні құрымай, әлі тұр. Ал бұл кірпіштердің Ойылдың саз балшығынан иленіп, күйдірілген тарихтан белгілі. Он сегізінші ғасырда жұмыс істеген кірпіш зауытының орнын үлкендер күні кешеге дейін көрсетіп келді.

Елубай, міне, бұған дейін басқарлап тәуекел ете алмаған осы істі қолға алып, жанғыртты. Аудан орталығынан сапасы жоғары күйдірілген қызыл кірпіш шығаратын зауыт салды. Сол — сол-ақ екен, совхозда құрылғы жұмысы қарқын алып, қарыштай жеңелді. Қашықтағы облыс орталығынан шығынға батып сәликат тас тасу келді. Оның орнына, тұрғын үйлер берік қызыл кірпіштен салына-тын болды. Аз жылда бұған дейінгі кеңшардың кеңесін ғана теңіректеген шаруашылыққа қарасты үйлер мөлалай, Қарауылтөбеге қарай шығатын күре жолдың шығыс бетіне өрлеп, Сегізсай бағытына қарай қанат жайды. Енді байлығы жұрт Ойыл селосын екіге бөліп, соххоз жақ деген атау пайда болды. Кірпіш зауытының арқасында кеңшарда, аудан орталығында көптеген адамдар кәсіп тапты. Бір сөзбен айтқанда, тәжірибелі басшы шаруашылықтың экономикасын есеп-нығайтатын әр келелі істі осылай бастап, осылай нәтижелі аяқтап отырды. Ол басқарған 12 жылда шаруашылық тек биіктен көрінді.

Ертеректе Елекең аудандық ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы болып тұрғанда жазушы Құрал Тоқмырзынмен бірге үлкенді болғанын бар-ды. Дербес салынған екі қабатты үйде тұрады екен. Шағын аула, айна-ла ұқыптап қолмен егілген ағаштар, көкөніс танабы сәнді көрінді. Педагогикалық жоғары білімі бар зайыбы Рая Ойыл қазақ орта мектебінде ұстаз. Балалы-шағалы бақытты отбасының қонақжайлығы да сүйсіндірген. Сол отырыста жас жағынан қатар жазушы мен маман ашылып, біраз әңгіме шертіскен. Шыққаны жазушы ағамыз «Мен бұрын білмейді екенмін, тек өз саласы емес, әдебиеттен, мәдениеттен де көп жайды ізденіп, оқып жүретін, жан-жақты, терең азамат екен» - дегені есімде қалыпты.

Елекең — «Құрмет белгісі» орденінің, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері, Ойыл ауданының құрметті азаматы. Қазір ол Ақтөбенің іргесіндегі Саазды ауылында тұрады. Зайыбы өмірден өрте өткеннен кейін, балаларына, немерелеріне қарайласуға тура келді, тағдырдың қандай қиындығына да мойымай, өзін емдейді біт, тік ұстап келеді.

Аманжол ОРЫНҒАЛИҰЛЫ, Қазақстанның құрметті журналисі.